

Қазақстан Республикасы  
Ішкі істер министрлігі  
Бәрімбек Бейсенов атындағы  
Қарағанды Академиясы

*Әскери және арнайы-тактикалық даярлық кафедрасы*

ПО қызметтерінде графикалық-қызметтік құжаттарын  
жүргізу ережелері

Әдістемелік ұсыным

Қарағанды қ. 2018

Құрастырғандар:

Әскери және арнайы-тактикалық  
дәрілік кафедрасы бастығының орынбасары  
полиция полковнигі

С.Ж Тоқтабеков

Кафедра оқытушысы  
полиция капитаны

К.Охан

Әдістемелік ұсыным кафедра мәжілісінде талқыланып, бекітілді  
2018 жылғы «\_\_\_\_\_» \_\_\_\_\_ Хаттама № \_\_\_\_\_

## Кіріспе

Ішкі істер министрлігі органдарының жедел қызметтік және ұрыстық іс-қимылдары кез-келген жерде, кез-келген жыл мезгілінде және тәулік пен ауа райының кез-келген жағдайында өтуі мүмкін.

Жергілікті жер – ПО-ның қызметкерлері шұғыл-қызметтік тапсырманы орындауға мәжбүр болғанда, оперативті жағдайдың маңызды элементі болып табылады.

Сондықтан, тек әрбір бастық (командир) ғана емес, сонымен бірге әрбір қызметкер де өздері әрекет жасайтын жергілікті жермен мұқият танысуы керек. Себебі, бұл әсіресе, біріншіден: кез-келген қиын жағдайда қатесіз бағдар алу үшін, екіншіден: алға қойылған тапсырманы жергілікті жерде орындауда көмектесетін немесе қиындаттыратын оның қасиеттерін жан-жақты зерттеп, анықтауы керек, үшіншіден: (қылмыскердің) жергілікті жердің маңыздылығы мен қасиетін есепке ала отырып, қылмыскердің (дұшпанның) тығылуы ықтымал деген орындары және олардың жүру бағытын анықтау қажет.

Жергілікті жердің сипаты – пішінімен, көлемімен және жер бетінің кеңістігінде орналасқан бұдырларымен, сондай-ақ сондағы орналасқан нышандардың (жергілікті заттардың) сандық және сапалық құрамымен анықталады. Жергілікті жердегі барлық нышандар – бұдырлар мен жергілікті заттар, топографиялық элементтер деп аталады.

Жергілікті жердегі топографиялық элементтер төмендегідей негізгі топтарға бөлінеді: бұдыр, топырықты-тасты және өсімдік қабаттары, гидрография (өзендер, көлдер және басқа да су қоймалары), елді мекендер, жол торабы, өндірістік, ауылшаруашылық және әлеуметтік –мәдениет нышандары.

Сол жердегі бар топографияның элементтердің бір-бірімен үйлесуі, оның тикалық қасиетін анықтайды. Олардың негізгілеріне: жүретін жері көп, жасырын және қорғау қасиеті; бағдар алуға, бақылау және от жағу жағдайына әсерін тигізетін қасиеттері жатады.

Жергілікті жердің өткізгіштігі деп жолдарды, көпірлерді және өткелдерді, бұдырларды, құмды, топырақты және өсімдік қабаттары бар сондай-ақ кедергілері мен табиғи бөгеттері (өзен, жыралар, батпақ және т.б.) бар жерді айтамыз.

Жергілікті жердің тасалануға ыңғайлы қасиеті бұдырлардың ерекшелігімен, өсімдік қабаттарының (әсіресе ормандар мен тал-шіліктер! Және қылмыскердің (дұшпанның тығылуына, сондай-ақ ПМ-гі органдарының күші мен құралдарының тығылып жүруіне ықпал ететін елді мекендердің бар болуымен анықталады.

Жергілікті жердің қорғау қасиеті ядролық және қарудың басқа да түрлерінен қорғануда пайдаланатын бұдырлардың ерекшелігімен, ормандардың, тоннельдердің және басқа да жер асты құрылыстарының

(кірпіш, тас, темір-бетон), әсіресе жертөлениң (подвальное помещение) бар болуымен анықталады. Әсіресе, жергілікті жердің қорғануға болатын қасиетінің үлкен мәні ИМ – ИБ мен (органдары, оқу дрындары) төтенше жағдай комитетінің азаматтық қорғанысты ұйымдастыру кезінде болады.

Бағдарлау жағдайына әсерін тигізетін қасиет жергілікті бағдарлар ретінде пайдалану үшін ынғайлы, жүрген жердегі өзінің түрімен немесе орналасу ретімен нышандар арасында оны бөліп тұратын жекелеген жергілікті заттармен және бұдырлардың ерекшеліктерімен анықталады.

Бақылау мен атыс жүргізу жағдайына бұдыр ерекшелігі, еңістердің пішіні, қсімдік қабаты (әсіресе ормандар мен тал-шіліктері), елді мекендер ықпалын тигізеді. Осы топографиялық элементтердің өзара орналасуы бақылау мен атыс жүргізуді жеңілдетуі немесе қиындатуы мүмкін.

Елді мекендерде әрекет жасау кезінде жердің тактикалық қасиеті, елді мекендердің көпшілігімен және олардың орналасуымен, жүйелігімен және салыну ерекшелігімен, сондай-ақ бұдырлық гидрографиялық және өсімдік қабаттарының (саябақтар мен бақтар) ерекшеліктерімен анықталады.

Көп адамдардың назарын аударатын, өзіне тартатын нышандар: базарлар, ірі дүкендер, театрлар, саябақтар, вокзалдар, банктер және т.б. маңызды рөлдер атқарады.

Қызмет барысында немесе операцияны ұйымдастыру кезінде, әрбір оперативтік бастық (командир) жергілікті жерді жан-жақты оқып, зерттеп, жергілікті жердің жедел қызметтік тапсырмасының орындауына тигізетін ықпалының деңгейін анықтап, тек содан кейін ғана шешім шығаруы тиіс.

Жергілікті жерді зерттеу кезектілігі, алдағы істейтін әрекеттің сипатына және шешім қабылдау кезінде оперативтік бастыққа (командирге) керек қажетті нақты сұрақтарға байланысты.

Жергілікті жер барлау, қарау (сол жерді өзі қарап шығу) және карта (план, сызба) бойынша оқылып, зерттелеуі мүмкін.

Жергілікті жерді жерді карта бойынша оқып, зерттеу ең көп таралған тәсіл болып саналады.

Органдарда және қоғамдық тәртіпті күзету мекемелерінде карталар мен пландар тек қана жергілікті жерді бағалау үшін ғана пайдаланады. Оперативтік жағдайды сипаттайтын мәліметтер түсірілген карталар немесе пландар оперативтік жағдайды бағалау үшін, қызметті немесе операцияны ұйымдастыру үшін пайдаланылады.

Жұмыс картасы, оның тағайындалуы және мазмұны.

Ішкі істер органдарында жұмыс карталары мен жоспарлар (сызбалар) жүргізіледі.

ПО-да карталар мен пландар жергілікті жерді зерттеу және бағалау үшін қолданылады, оперативтік жағдайды (қызмет көрсететін территориядағы) бағалау, сыртқы қызмет жұмысын ұйымдастыру, қылмыстық топтарды іздестіру және ұстау жөніндегі операцияларды жоспарлау мен жүргізу, көпшілік шараларын жүргізу кезеңі мен апат кезіндегі қоғамдық тәртіпті сақтау жөніндегі жоспарларды істеу,

азаматтық қорғаныс қызметі бойынша және басқа да қызметтік тапсырмаларды шешу кезіндегі жоспарларды жасау үшін пайдаланады.

Әр түрлі ПО әр түрлі масштабтардағы карталар мен пландар қолданылады.

Патрульдік-постылық қызметінің жарғысымен барлық ПД, ПБ және полиция бөлімдерінде оперативтік және жұмыс карталары (пландар) қарастырылған.

Карталар мен пландар көрнекті болулары керек, ал оған түсірілген мәліметтер сол уақыттағы оперативтік жағдайға сәйкес болулары керек.

Картаның (панның) масштабын таңдау қай органмен жүргізілуіне және олардың қызмет көрсететін территорияларына байланысты болады.

Әр түрлі масштабтардағы топографиялық карталарды ауылды жерлердегі полиция органдары және ҚІБ кеңінен пайдаланады. Қалалық полиция бөлімдері полиция органы қызмет көрсететін қаланың және қала ішіндегі аудандардың пландарын пайдалануы керек.

Қалалардың топографиялық пландары 1:25000, 1:20000, 1:15000, 1:10000, 1:5000, 1:2000, 1:1000 және 1:500 масштабтарда шығарылады.

Қалалардың пландарын екі топқа бөледі: қаланың жалпы планы мен жергілікті планы.

Жалпы топографиялық пландардан басқа әрбір қаланың геодезистік қызметімен қаланың ірі масштабтағы планы жасалынады, ол әр түрлі инженерлік-құрылыстық жұмыстарды шешу үшін пайдаланылады.

Облыстық ПД мен жол полициясының бөлімдерінде облыс көлеміне байланысты 1:500000, 1:200000, ал кейбір кезде 1:100000 масштабтағы топографиялық карталарды пайдалану керек.

Бұл картаға полиция органдары қызмет ететін аймақтық шекаралары, полиция бөлімдері мен бөлімшелерінің, ҰҚК-нің, Қазақстан Республикасының ҚК-нің бөлімдерінің орналасу жерлері түсіріледі.

Қалалық ПД-ты, оған бағынатын ҚІБ 1:2000, 1:5000-қа дейінгі масштабтағы пландарды пайдалану керек.

Бұл пландарда қызмет көрсететін территорияның шекаралары, бағынышты органдар мен оперативтік және резервтегі бөлімшелерінің орналасқан жері, оперативтік жағдайға қатысы бар нышандар (банктер, ірі дүкендер, базарлар, вокзалдар, театрлар, парктер) кіреді.

Бұлардан басқа, полицияның оперативтік-қызметтік саласына қатысы бар басқа да мәліметтер, нышандар көрсетілуі мүмкін.

ПБ-де қызмет атқаратын аймақтық учаске; аймақтардың; шекаралары; учаскелік инспекторлардың учаскелері; патрульдік полиция постары мен маршруттары; тірек пунктары; оперативтік қатынаста маңызды болып табылатын нышандар (банктер, базарлар, вокзалдар, саябақтар, театрлар әртүрлі сипаттағы клубтар, дүкендер және т.б.) сондай-ақ қызмет атқару аймағының шекарасына жақын ПБ-нің маршруттары мен постары түсіріледі.

Ауылдық жерлерде қызмет атқаратын ПБ-де 1:50000, 1:25000 масштабтағы карталар және 1:5000 және одан ірі масштабтағы пландарды пайдаланамыз.

Бұл карталар мен пландарда қызмет атқаратын аймақтың шекараларын, учаскелік инспекторлардың учаскелерін түсіреді.

Полицияның кезекші бөлімінде қызмет атқаратын аймақтық планы немесе картасы болу керек. Бұл план (карта жеберілетін нарядтарға тапсырмалар қоюға және өзара әрекетті ұйымдастыруға мүмкіндік береді және жеңілдетеді.

Жұмыс карталарын қылмысты іздестіру бөлімшелерінде сыртқы қызметте жүргізілуі мүмкін. Бұл карталардан (пландардан) осы бөлімшілер мен қызметтердің өзіндік жұмысындағы жағдайларын көруге болады.

Мысалы, қылмысты іздестіру қызметкерлері осы картада (планда) қызмет атқару мен оқиғалар туралы мәліметтерді күштері мен орналасу жерлерін учаскелік атқаратын шекараларын есепте тұратын саны мен тұратын жерін және басқа мәліметтерді мұқият көрсетуі керек.

Сыртқы қызметтің жұмыс карталары (пландары) дәл осындай мәліметтерді көрсетуі керек, сондай-ақ сыртқы қызметтің күштері мен құралдары, бұл карталарға түсірілген жағдайды білдіретін мәліметтер бөліп қою кезінде мақсатты түрде шешім қабылдауды және оларға тапсырмалар қойғанда жұмыстарын жеңілдетеді. Бұл әсіресе мекемелерді, көпшілік шаралар мен апат кездерінде қызметті ұйымдастыру кезінде аса маңызды болады.

Бұдан басқа полиция жұмыстарында әр түрлі сызбалар (схемы) кеңінен қолданылады.

Бұл сызбаларға кіреді:

- Полиция учаскелік инспекторының қызмет көрсететін территориясының сызбасы;
- Патруль маршрутының сызбасы;
- Оқиға болған жердің сызбасы;
- Күзетілетін нышандардың сызбасы және т.б.

Учаскелік инспектордың қызмет көрсететін территориясының сызбасы ірі масштабты карта немесе план бойынша сызылады. Сызбаға кіреді:

- учаске шекарасы;
- егер де, учаскеде полиция бөлімі болса, онда оның орналасқан жері;
- учаскелік пункттің орналасқан жері;
- учаске пункттің орналасқан жері;
- учаске шекарасындағы және одан бергі орналасқан патрульдік маршруттар мен бекеттер (пунктері);
- ведомствадан тыс күзет бекеттері орналасқан жер;
- халық жасақшылары мен олардың патрульдік бекеттерінің орналасқан жері;
- жедел қызметке қатысы бар нышандар (банктер, театрлар, базарлар, баябақтар және т.б.);

- оқиға болған жер мен қоғамдық тәртіптің бұзуылуы ықтимал орында.

Патрульдік маршруттың сызбасы ірі масштабты планнан алынып, сызылу керек. Онда көшелерін аттары, көше қиылысындағы үйлердің нөмірлері немесе патруль жүретін жол бойынша бағдарлар көрсетілуі керек.

Сызбаға жазылады:

- патруль аялдайтын орын;
- полиция нарядтары;
- ведомствадан тыс бекеттер;
- маңызды нышандар (дүкендер, қоймалар, базарлар және т.б.);
- қоғамдық тәртіптің бұзылуы ықтимал орындар.

Оқиға болған жердің сызбасында немесе планында жер учаскесі немесе қарау кезінде табылған барлық заттармен бірге, оқиға кезінде пайда болған заттар да міндетті түрде мұқият сызылуы керек.

Жедел карта, оның тағайындалуы және мазмұны.

Қазақстан Республикасы ІІ органдарының Патрульдің Қызмет қоғамдық тәртіпті сақтау және қоғамдық тіртіпті қорғауды қамтамасыз етуде

жедел карталар, жоспар мен сызба жүргізу ережелері көрсетілген:

-оперативтік карталар (пландар мен сызба) аумақтың жоспары мен сызбасы ІІ органдарының кезекші бөлімінде жүргізіледі. Бұлар оперативтік басқаруды ұйымдастыру кезіндегі оперативтік жағдайда зерттеуге бағалауға арналған.

- бір ай квартал және жартыжылдық уақыт ішінде қалыптасқан жедел жағдайы картада (жоспар, сызба) корнекі, ондағы мәліметтер шындыққа сай болуы керек.

-картаның масштабын (жоспар, сызба) салынған полицияның жағдайы, дислокация күші мен құралдары топографиялық негізді бұлжытпай орындайтаңдай етіп орындайды.

Карта (жоспар) ретінде қолда бар әкімшілік және топографиялық карталар қолданылады. Қажетті жағдайда олар керекті бөлімге дейін үлкейтілуі (кішірейтілуі) мүмкін.

Әкімшілік және топографиялық карталарды үнемдеу үшін, бұларға тек жағдайдың тұрақты элементтері түсіріледі (қызмет ету жумағының шекарасын, полиция учаскелік инспекторлардың әкімшілік учаскелері, ІІ органдарының бөлімдерімен бөлімшелері, қоғамдық қурылам штабы, стационарлық посттар, басқа да нысандар т.б.), ал басқа мәліметтер (қылмыстар, күш пен құралдардың орналасуы т.б.) картаға еңгізу керек, оргтереземен және алынатын шартты белгілер.

1.Жедел карталар (жоспар, сызба) қызметтік қолдануға арналған құжаттар дәрежесінде сақталады.

2.Жедел жағдай және ІІО органдарының күштері мен құралдарының орналасуын, ІІБ жұмыс карталарында, қалалық ІІБ – облыстың ІІД мен горрайлинорган карталарында мынадай мәліметтер кіреді.

### **Қызметтік графикалық құжаттарды жүргізу ережелері.**

Жедел және жұмыс карталары (пландар, сызбалар) басшы құраммен жүргізіледі.

Жұмыс және жедел карталар (план, сызба) егер дұрыс жүргізілген жағдайда ғана, полиция органдарының оперативтік-қызметтік іс-қимылдарын ұйымдастыру мен басқару да үлкен көмек көрсете алады. Карталар мен пландарды формальды түрде жүргізу, мәліметтердік толық емес және оперативтік жағдайды қалай болса, солай түсіру, оларды керексіз қағаздардың қатарына жатқызады, яғни қызметтік тапсырманы орындаудағы сапасының қабілетсіздігін көрсетеді.

Сондықтан, ПО қай саласында болса да жасалған әрбір құжат, төмендегідей негізгі талаптарды қанағаттандыруы қажет:

А) мәліметтердің сенімділігі. Түсірілген барлық оперативтік мәліметтер тексерілуі қажет, ал тексерілмеген және мөлшерлеп, болжанып түсірілген мәліметтер алынып тасталынуы керек.

Б) көрнекілік пен мұқияттылық. Әрбір графикалық құжат, қажетті жағдайды көрнекі және анық бейнелеуге тиісті. Көрнекілік – құжатқа шартты белгілердің дұрыс орналасуы мен анық, дәл сызылуына түс береді.

В) құжаттың өз деңгейінде жасалуы. Қызметтік графикалық құжатта құжаттың атауы, жасалынған уақыты, жасаған адамның қолы болуға тиіс. Графикалық бейнелеуге келмейтін мәліметтер текстпен жазылады.

Графикалық құжат оперативтік және жұмыс карталарды (пландарды сызбаларды), құру кезінде, оған қойылған талаптарға сай болу үшін белгілі – бір ережелерді қажетті түрде сақтау керек.

Оперативтік жағдай картаға (планға, сызбаға) белгіленген шартты белгілерімен түсіріледі.

Картаға (планға, сызбаға) оперативтік жағдайды сипаттайтын шартты белгілерді түсіру кезінде, сол белгінің түсі мен жазылуын қажетті түрде сақтау керек.

Оперативтік жағдайдың элементтерін картаға қызыл, көк және қара түспен түсіріледі:

Қызыл түспен түсіріледі:

- межелі сызықтар;
- ІІМ органдары, мекемелері және әскерлері орналасқан жері;
- ҚК бөлімшелері, ҰҚК, халық жасаушылақ;
- Қызметтік шұғыл тапсырмаларды орындауға қатысушы бөлімдердің, бөлімшелер мен әр түрлі нарядтардың орындарын;
- Алға қойылған тапсырманы орындау барысындағы әскер немесе басқа да күштердің алдағы орналасатын жерлері.

Көк түспен түсіріледі:

- жаудың (қылмыскердің) орналасуы мен әрекеттері;
- оқиға балған жер;



- жауға (қылмыскерге) өатысы бар жазулар мен сандық белгілер.  
Қара түспен түсіріледі:
- инженерлік-техникалық құрылыстар;
- байланыс құралдары;
- өз күштеріміз бен құралдарымызға қатысы бар жазулармен сандық белгілер.

АҚ немесе қазіргі ТЖ комитеттің қоғамдық тәртіпі сақтау қызметтің жағдайын түсіру кезінде, басқаға да, сары, қоңыр, жасыл түстер қолданылады.

Шартты белгілер мен жазулар міндетті түрде мұқият, жіңішке, дәл сызықтармен сызылуы керек, ол үшін офицерлік (тергеулік) сызғышты қолдану керек.

Шартты белгілер, олардың сызылуына байланысты картаның (панның, сызбаның) қиығына параллель түседі. Вертикальды сызықтар картаның оң және сол жақ рамкасына параллель сызылады, ал горизонталь сызықтар жоғарғы немесе төменгі рамкасына параллель сызылады.

Жазулар мен сандық белгілер міндетті түрде картаның (панның) жоғарғы (төменгі) жағының рамкасына параллель сызылуы керек.

Шартты белгілердің өлшемдері карта (план) масштабына түсірілетін органдар, бөлімдер мен бөлімшелердің маңыздылығына сәйкес болуы керек.

Жағдай барысының мәліметтерін түсіру кезінде карта (план) топографиялық мазмұнының қиғіттеніп кетпеуін қадағалау қажет.

Кейде қызметтік графикалық құжаттың көрнектілігін жақсы болу үшін әсіресе құжаттың топографиялық негізі ретінде бір түстегі пландар (сызбалар) пайдаланса, оның топографиялық негізін мақсатты түрде дамыту керек (бұл туралы картаны дамыту тарауында жазылған).

Оперативтік маңыздылығы бар (банктер, театрлер, базарлар, дүкендер және т.б.), оперативтік карталарды (пландарды, сызбаларды) жүргізу кезінде нышанның кезендерін қара түсті айналандыра сызады және нышанның атуын толық немесе қысқартып, түсірілген белгінің ішінен немесе жанынан жазады.

Стандарты емес шартты белгілерді қолдану жағдайында карталардың (пландардың, сызбалардың) шеттерінде немесе түсіндіру бетінде олардың менің түсіндіруі.

Карталардың (пландар, сызбалар) шығындарын үнемдеу мақсатында түрлі-түсті қарындаштармен немесе тушпен тек тұрақты элементтерді (қызмет көрсететін территорияның шекарасы, органдар, бөлімдер мен бөлімшелердің, басқару пунктерінің, ең қажетті нышандарды) түсіруге болады, ал қалған мәліметтерді (күш пен құралдардың орналасқан жерлерін, қылмыс болған жерлерді) картаға (планға) қойылған калькаға түсіруге болады. Оперативтік жағдайдың жиі өзгеруін көрсететін белгілерді түйреуішпен картаға (планға) керегінше қадап немесе алып тастауға болады.

## **Қызыметтік-графикалық құжаттарды сызу ережелері.**

ІМ органдарының жұмыстырында дайын планы жоқ немесе бар болса талабына сай емес кейбір жердің планы мен сызбасын жасау қажеттілігі жиі болып тұрады мұндай графикалық құжаттар: учаскелік инспектор қызмет атқаратын аймақтың, ірі масштабтағы планы, еңбекпен түзеу мекемелердің және өндірістік зоналардың планы, патрульдердің маршруттық сызбалары, ОБЖ сызбасы және т.б. болуы мүмкін.

Бұл құжаттар карта бойынша, сондай-ақ тікелей жүрген жерде жасалуы мүмкін. Жазылықтықтағы үлкен емес жер учаскенің қағаздары деп және мұқият бейнесін план деп айтқанбыз. Сызба (схема) деп, крата немесе сол жерде масштабты сақтай отырып жасалынған графикалық құжат. онда тек, сол үшін қажет жергілікті заттар мен бұдырлардың жекелеген детальдары бейнеленеді.

Графикалық құжаттарды жасау кезінде шартты белгілерді жақсылап сызып, жазуларын нақты орындау қажет.

Сызу сапасы көбінесе қарындаштың сапасы мен ұшталуына байланысты. Қарындаштың қаттылығы орташа болып, мұқият ұшталуы керек. Өшіргіш жұмсақ болуы керек және қатты болған қабатын кесіп тастаған жөн. Сызбу кірленбес үшін әрбір құрылыстың кескінің болар болмас жіңішке сызықпен сызады, тексеріп болған соң қалыңдығы нақты сызып шығады.

Ұзын қисық сызықтарды сызу кезінде бірден сызуға болмайды. Алғашында осындай сызықтың күйін белгілеп алып содан кейін үздік сызықтармен сызады. Үздік сызықтарды жоғарыдан төмен қарай (яғни өзіне қарай) сызады және әрбір қисығында қағазды керекті бағытта бұрып отыру керек. Сызық бір қалыпты және бірдей қалыпта болуы керек.

Параллель сызықтарды жүргізген кезде ең бірінші сызықты жүргізусіз, содан кейін өлшем бойынша бірдей қашықтықта екінші сызықты белгілейді, сосын жоғарыдай жазылғандай сызады.

Көрнелігі ірі болу үшін кейбір шарты белгілерді еңгізу кезінде көлеңкеде болуы керек сызықтардың қалындатын қарайтады. Жарық көзі сызудың сол жағында болуын ұйғарады. Сондықтан жердің үстінгі қабатындағы шығып тұрған барлық заттардың (елді мекеннің кварталдары және т.б.) төменгі және оң жақтарының сызығы қалындатылады, ал жердің үстінгі қабатының ішіне кіріп тұрған заттардың (көлдер, тоғандар, өзендер) керісінше жоғарғы және сол жақтары қалындатылып сызылады.

Сызбаларды, елді мекендердің тек кварталдары ғана бейнеленеді оларды сызудың барлығында бір бағытта штрихтап сызады.

Автокөлік жолдары және темір жолдар өсімдік жабының № 4 қосымшада көрсетілгендей сызылады.

Орман және тал-шіліктердің сопақтарын (овалов) сызу негізінде олардың ұзын осьтері параллель болулары керек, ал жерлердің заттарының

шартты белгілері (жол көрсеткіші, труба, жеке ағаш, жанған орман және т.б.) сызылғанда, олардың вертикаль осьтері қағаз бетінің қиығына перпендикуляр болуы керек.

Жоспардың (сызбаның) ақ шеттерінің беткі жағына отырып, төменгі жағына: орташа – масштаб, оң жағына жазбасы, сол жағына түсірген уақыты.

#### Полицияның жаяу патрулінің маршрут карточкасы.

Планды немесе сызбаны карта масштабында көшіріп, жасау ыңғайлы, себебі картадағы барлық қажетті мәліметтерді мөлдір қағаз, (восковка, калька) арқылы көшіріп алуға болады. Көшіруді жаңағы картаны терезе әйнегіне немесе жарығы әйнегі бар арнайы жәшіктің үстіне қойып көшіруіне болады.

План немес сызбаны масштабын өзгертіп жасау квадрат бойынша жүргізіледі.

Мұны келесі ретпен жүргізеді.

Картаға ең ірі масштабты бейнелейтін тік бұрыш түрінде учаскені сызады да, оны жан-жақты өлшейді. Дәл осындай тік төртбұрышты қағазға сызып, оның жан-жағын қажетті бір санаға, яғни масштабқа үлкейтеді, содан кейін координат торларын түсіреді.

Бұдан соң, координат торларын пайдалана отырып, циркуль немесе сызғыштың көмегімен картадан қағазға квадраттар бойынша көз мөлшерімен түсіруге болады. Сызбаны толықтай сызып болған соң, қосымша сызылған квадраттардың сызықтарын өшіреміз, ал негізгі координат торларын қалдырамыз.

Учаскелік полиция инспекторының немесе қандай да болмасын полиция органдары қызмет көрсететін территорияларының пландарын жасау кезінде барлық топографиялық мәліметтер сондай дәлдікпен және мұқият түсірілуі керек. Егер, қажетті графикалық құжатты жасау кезінде, қолданылатын, яғни мәліметтерді көшіретін карта немесе план ескі болып, кейінгі нышандар мен бұдырлар жоқ болса, онда дайындалған планға тікелей жергілікті жерде өзгерістер енгізіледі. (жаңадан салынған тұрғын-жайлар мен т.б. нышандар. өсімдік қабаттарының өзгерістері, бұзылған үйлер және т.б.).

Патрульдік маршрут сызбасы аз ғана толықтырып жасалынады. Оған сызылады: патруль маршруттары өтетін көшелер, жол қиылысында өтетін көшелер, жол қиылысындағы үйлердің нөмірлері қойылады немесе басқа да бағдарлар көрсетіледі; маңызды нышандар (дүкендер, қоймалар, базарлар және т.б.) қоғамдық тәртіптің бұзылуы ықтимал орындар (саябақтар, клубтар, стадиондар және т.б.); байланыс құралдар орналасқан орындар. Маршрут жүруге жататын территория сызбасына патруль машинасы аялдайтын орыннан жаяу патрульге дейінгі арақашықтық 300-500 м. алысқа түсіріп қояды.

## **ПО графикалық-қызметтік құжаттарында қолданатын шартты белгілер мен қысқартулар және оларды салу реттері.**

Тактикалық шартты белгілердің таңбалары көрнекі, қарапайым және картаға оңай сызылатын болу керек. Негізгі тактикалық шартты белгілер Қазақстан Республикасының Ішкі Істер Министірінің 2002жылдың 5 шілдесінде шыққан №475 бұйрығында көрсетілген.

Түйіскен және жартылай түйіскен сызықтар (ііо бөлімшелері орналасқан шептер) карта масштабына сай етіп салынады.

Дұрыс геометриялық формалы шартты белгілер, сызықтар мен фигуралар болып келген кейбір қосалқы шартты белгілер картаның масштабынан тыс салынады.

Басқару бекеттері шендік ерекшеліктеріне қарай кейде үлкен және кішкентай шартты белгілермен салынуы мүмкін. Байқау пункттерімен Басқару пункттерін карта бетіне түсіру қабылданған ережелер бойынша салынады.

Қабылданған шартты белгілерден тыс бейнелерді карта бетіне салған кезде, оның атын картаның жақтауына түсіндірмелі жазулармен жазылып қою керек.

### Картадағы түсіндірмелі жазулар мен қысқартулар.

Түсіндірмелі жазулар мен қысқартылған жазуларды карта бетіне түсірген ұқыпты, дұрыс және білікті салу картаның көрнектілігінде маңызды орын алады. Шартты белгілерді дұрыс, білікті орындағанда, онымен жұмыс істеу барысында едәуір жеңілдетеді. Кейбір ақпараттар топографиялық шартты белгілермен белгілену мүмкін емес (олар:күш пен құралдарды орналастыру,бірігіп қимылдау шаралары,т.б.), сол үшін ол ақпараттар аңыз түрінде мәтіндерде беріледі.

Сондықтан , әр жұмыс картасында сандық және мәтінді түрдегі шартты белгілер салынады.

Жұмыс карталарын жүргізгенде түзу немесе чертежді шрифт және мәтінді жазулар кеңінен қолданылады өйткені олар орындалуларына қарай қарапайым және тез. Әріптер(сандар) сөйлемде жеке-жеке, бөлек жазылады.

Әріптер жазылуларына қарай тік және еңістеу болып келеді(тік және 75 градусты бұрышта салынады).

Карта бетіне жағдайды түсіру барысында тік шрифт, тек, қызыметкерлердің жазулары мен құжаттың қызыметтік атаулары жазылулары мүмкін.

Мысалы: Жұмыс карта.

Түсіндірмелі жазулар және көптеген қысқартылған белгілерді жазу үшін сөйлемдік әріптер қолданылады. Картадағы Әріптің биіктігі мен көлемі масштабқа тәуелді, объектінің маңыздылығына байланысты,аумағының көлеміне және аралық ұзындығына байланысты. Мысалы: 1:100 000 масштабты картада сөйлемдік әріптің сызығының қалыңдығы 2мм(ал масштабына қарай немесе маңыздылығына байланысты тағы 2мм үлкейтілуі мүмкін).

### Сызбаларда(схемаларда) қолданылатын шартты белгілер.

Әртүрлі сызбалар бар картаның көмегімен немесе жоспар арқылы, және де нақты жергілікті жерде сызылуы мүмкін.

Сызбаларда ылғида кездесетін жергілікті заттар мен рельефтің көлемлері сызбада қолданатын топографиялық шартты белгілермен белгіленеді, қалған заттар картографиялық шартты белгілермен 2-3 рет үлкейтіліп салынады.

Белгілерді сызу барысында келесі ережелерді сақтау керек. Сызбада тұрғылықты жерлер, тұрғылықты кварталдардың сыртқы шеттері тегіс сызықтармен көрсетіліп салынады. Тұрғылықты аймақтардың көшелеріндегі жолдар тек автокөліктер жүретін жолдар ғана салынады, және өзендер, теміржолдар бойындағы жолдар ауыл арасынан өтетін болса соларды да салады.

### Тұрғылықты жерлер мен жолдардың шартты белгілері.(сурет)

Белгілерді салғанда олардың іш жағынан 45градуста қисықтыта штрихталып боялады. Көшенің шартты белгісін масштабына сай 1-2мм қылып салынады. Шосселер мен өңделген тас жолдар арасы 1-2мм болатын паралель екі жіңішке сызықпен, ал жай жолдар қалыңдатылған сызықпен салынады. Темір жолдар да осы сияқты 1-2мм болатын паралель екі жіңішке сызықпен алаланып(ақ-қара түстер үзік-үзік боялған, олардың арасы 5мм) салынады.

### Темір жолдың – шартты белгісі.

Өзендерді бір немесе екі жолақпен сызады. Бір жолақпен салынған өзендердің шартты белгісін топрақ жлдарға ұқсап кетпеуін қарастырып салады. Өзен , көлдер және су қоймаларын салғанда олардың жағалауларының бойымен жіңішке сызық жүргізіп алып, кейін нақты салынады. Орман, тоғайлар сопақша дөңгелек сызықтармен салынады. Алдымен ормандардың аумақтары сипаттарына қарай пунктир болып сызылады. Жартылай сопақшалар карандашпен үздіксіз сызықпен жүргізіліп сызылады да, олардыш көлеңке жақ шеттері боялып отырады. Қараған түптерді салған кезде сопақшалар бейбрекет салына береді. Бұл жағдайда бір үлкен шеңбер салып , кейін оның ішіне екі—үш мөлшері кішірек сопақша суреттер салынады. Бұл белгілердің саны мен орналасуы сол түптердің көлеміне тәуелді. Рельефтер топографияда қабылданған шартты белгілермен салынады.

Кейбір жергілікті жердегі заттар шартты белгілерде берілмеген болса ,оларды сызбада түрлеріне қарап ұқсатып ,фигуралар түрінде немесе қалыптаспаған шартты белгі түрінде салынып, бұл жағдайлар сызбаның қағазының жақтауларында түсіндіріліп жазылып қояды.

### **Карта арқылы жоспар(сұлба) құру.**

Жоспарды (панды)немесе сызбаны(схема)карта масштабына көшіріп , жасау ыңғайлы ,себебі картадағы барлық қажетті мәлімет-терді мөлдір қағаз,(калька) арқылы көшіріп алуға болады. Көшіру үшін, картаны терезе шынысы арқылы немесе ішінде жарығы бар жәшіктің бетіндегі шыныға қоиып көшіруге болады.

Жоспар немесе сызбаны масштабын өзгертіп жасау квадрат бойынша жүргізіледі. Картаға ең ірі масштабты беинелейтін тік бұрыш түрінде учаскені сызады да, оны жан-жақты өлшейді. Дәл осындай тік төртбұрышты қағазға сызып, оның жан-жағын қажетті бір санға,яғни масштабқа үлкейтеді, содан кейін координат торларын түсіреді.


Бұдан соң, координат торларын пайдалана отырып ,циркуль немесе сызғыштың көмегімен картадан қағазға квадраттар бойынша көз мөлшерімен түсіруге болады.

Сызбаны толықтай сызып болған соң, қосымша сызылған квадраттардың сызықтарын өшіреміз, ал негізгі координат торларын алдырамыз.

Учаскелік полиция инспекторының немесе қандай да болмасын полиция органдары қызымет көрсететін территорияларының пландарын жасау кезінде барлық топографиялық мәліметтер сондай дәлдікпен және мұқият түсірлуі керек. Егер, қажетті графикалық құжатты жасау кезінде, қолданылатын , яғни мәліметтерді көшіретін карта немесе жоспар ескі болып, кеінгі нышандар мен бұдырлар жоқ болса, онда дайындалған жоспарға тікелеи жергілікті жерде өзгерістер енгізіледі.(Жаңадан салынған тұрғын –жайлар мен т.б. нышандар,өсімдік қабаттарының өзгерістері, бұзылған үйлер және т.б.)

Патрульдік маршрут сызбасы аз ғана толықтырылып жасалынады.

Оған төмендегілер сызылады: патруль маршруттері өтетін көшелер, жол қиылысында өтетін көшелер, жолқиылысындағы үйлердің нөмірлері қойылады немесе басқа да бағдарлар көрсетіледі;маңызды нышандар(дүкендер,қоймалар,базарлар және т.б)қоғамдық тәртіптің бұзылуы ықтимал орындар (саябақтар, клубтар, стадиондар жәнет.б.); байланыс құралдары орналасқан орындар. Маршрут жүруге жататын аймақтың сызбасына патруль автокөлігіаялдайтын орыннан жаяу патрульге деиінгі арақашықтық 300-500м.қашықтықта түсіріліп қояды.



сурет. Оқиға болған жердің сызбасы.

### Жергілікті жердің учаскесін көз мөлшермен түсірудің дайындығы мен жүргізу тәртібі


Тікелей жергілікті жердің өзінде көбінесе оқиға болған жердің сызбасы мененбекпен түзету мекемелерінің тұрғын және өндірістік аумақтарының жоспарлары жасалынады.

Көз мөлшермен қарап түсіруді жүзеге асыру үшін, компас, папка-планшет, көздеу сызғышы, қағаз, қарындаш, өшіргіш, пышақ қажет.

Қағаз парағы мен компас планшетке бекітіледі. Компасты планшеттің бұрышына қою керек, себебі оны қолдануға ыңғайлы болу үшін және көздеу кезінде бөгет жасамауы үшін.

Бірінші кезекте, жоспарға түсіретін жергілікті жерді қарау керек, ол жердің аумақтары қағаз бетіне еркін сыйу үшін масыштабын таңдау керек және қанша жақтан қарап сызу керектігін таңдау керек. Масштаб таңдалғанда, нышандар мен жазулар қағаз бетіне сыятындай етіп және безендіруге орын қалдыру керек.

Егер, сызуды бір нүктеден бастап жүзеге асыруға шешім қабылданса, онда осы нүктені жергілікті жерде белгілеп қояды және осы нүктені қағазға қалай түсірудің ыңғайлы жағдайын анықтайды. Содан кейін планшетті бағдарлап, солтүстік-оңтүстікті көрсететін стрелка сызып қояды.



Бұдан соң жергілікті жердегі бағдарларды белгілеп, оларды көздейді және осы бағыттарда жіңішке сызықтар жүргізіледі. Бағдарларға дейінгі ара қашықтықты өлшеп немесе көз мөлшермен анықтап, масыштапта сызықтарға сәйкес қашықтықтарды түсіреді және белгіленген бағдарларды шартты белгілермен сызады.

Егер де, түсіруге арналған учаске үлкен болса, онда түсіруді айналау арқылы жүзеге асырылады.

Бұл жағдайда, бірінші кезекте учаскені қарап шығады да, жүру сызықтарын белгілейді, яғни түсіру кезінде учаскені маршруттардың қолайлы көбірек және мақсатты түрде айналып шығуын есептейді. Содан кейін масштабты анықтап, алғашқы нүктені тандайды.

Планшетті бағдарлап, солтүстік-оңтүстікті көрсететін стрелкасын жүргізіп, қағазға алғашқы нүктені белгілеп, жүру сызығының қай жерден бастауын көздейді.

Келесі қолданылатын сызықтар түсіру кезінде нысаналанады және сызылады.

Белгіленген көп қолданылатын сызықтар бойынша қозғала отырып, және ара қашықтықты адымдап өлшей отырып қағазда кездескен жергілікті заттар мен бұдыререкшеліктерін масштабтағы қашықтықпен түсіреді.

Жергілікті жер қозғалу сызықтары бойынша көзбен түсіріледі, ал аса маңызды нышандар мен бағдарлар-белгіленіп алу арқылы түсіріледі.

Оқиға болған жердің(ОБЖ) сызбасын сызу кезінде, алғашқыда топографиялық негіз немесе жергілікті жердің сызбасы сызылады, содан кейін жергілікті нышандардың орналасуына сәйкес, болған оқиға мен айғақ заттарға байланысты ерекшелік беретін әр түрлі нышандарды түсіреді .



Оқиғаны сипаттайтындетальдар бірнеше нүктеден фотосуретке түсіріледі, ал бұл нүктелер мен объектінің бағыты(қосымша суретті қара) сызбада белгіленеді.

Егерде көз мөлшермен түсіру компассыз жүргізілетін болса, онда алғашқы нүкте үшін көзделген бір сызықты аламыз. Негізгі сызықты көздеп алып, планшет бағытын бұзбай, қалған нүктелерді көздейміз , ары қарай компаспен түсіру кезінде жұмыс жасағандай әрекет етеміз.

Көз мөлшермен түсіру аяқталған соң сызба аяғына дейін өңделеді.


Керек емес сызықтарды жұмасақ өшіргішпен өшіреді, басына атын, төменгі сол жағына уақытын, ортасына масштабын, оң жағына орындаушының тегі мен қолы қойылады.

Осымен қоса, сызба жақсы байқалатын және тұрақты нышанаға «байланыстырылады» (сызылады).Байланыстыру графика түрінде көрсетілуі мүмкін немесе жазу түрінде көрсетіледі.

Осыған байланысты оқытушы мысал келтіріп сызба сыздыруы тиіс . Мысалы: Оқиға болған жердің негізгі бағдары – жылға арқылы өтетін көпір, ол Москва- Ярославль тас жолының 26-шы километрінде жатыр. Км-к бағанадан көпірдің МА-147, қашықтығы –80 м.


Компас болмаған жағдайда осы үлгіде көрсетілген көрсетілген оқиға болған жер (ОБЖ) көпірден 25м жерде деп «байлауға» болады. ОБЖ-дің сызбасында аумақтағы барлық тұрақты заттар мен оқиға барысында пайда болған заттар туралы мұқият мәлімет беруі керек.

ОБЖ сызбасы жақсы көрінетін және ұзақ сақталынатын бағдарларға «байлануы» керек, ал ОБЖ-ге қарап шығу хаттамасында бұл жер нақты жазылуы керек.Бұл мұқияттылық кейін осы жерді кез-келген уақытта тауып алуды жеңілдетеді.



**Криминалистік шартты белгілер.**

( қосымша сурет №1



















Жергілікті  
төңіректе топографиялық  
негіздерінің жағдайын  
құрастыру.







Оқиға болған жердің  
схемасының жоспарын  
құрастыру:

- бөлмелердің жоспарын (сызбасын) дайындау;
- ашық жерлердің жоспарын (сызбасын) дайындау.





## ПО қолданылатын шартты белгілер мен қысқартулар ЖОЛ ТОРАБТАРЫ
























Темір жолдар




1963 жылға дейінгі шартты белгілерде	1959 жылға дейінгі шартты белгілерде	
		Үш қатарлы темір жолдар, бағдаршамдар және семафорлар, айналу жолдары
		Екі қатарлы темір жолдар станциялары
		Бір қатарлы темір жолдар, разездер, платформалар және жуан жолды темір жолдардағы аялдамалар
		Басты ғимарат орналасуы станциясы: 1) каптал жолы 2) жолдар арасы 3) орналасуы белгісіз
		Электрленген темір жолдар: 1) үшжолды; 2) екіжолды; 3) біржолды; 4) блокпосты
		Жолжымалы постар жүктемелі-түсірмелі алаңдар Тупиктер және подъезді жолдар
		1) қаныққан 2) ойықтар(4метрдегі ұзындық немесе терендік); 3) 0,020 үлкен ауытқуы бар аймақтар (тек таулы аймақтарда)
		Жалпақ колейналы тұрған темір жолдар
		Темір жолдардын жиналған түрі
		Тар колейналы темір жолдар

		оларда станция және трамвайлар линиясы түр
		Тарколейналы жолдардың тұруы
		1) метрополитен станциялары, 2) жоғарыға шығатын метрополитен жолдары
		Депо, вокзалы, станция жолдары, карта масштабында бейнеленуі, отпелі көпірлер
		1) Трубалар 2)копірлік құрылыс
		Аспалы жолдар

### Шосселер және топырақты жолдар

	Автострадалар: 8—мертдегі бір жолдың жалпақтығы, 2—жолдар саны, Ц—капталу материалы (Ц—цементбетон, А—асфальтты бетон); насыпи (4—метрдегі биіктігі)
	Жетілдірілген шоссе: 8—төселген бөліктің ені; 10—шұңқырдан шұңқырға дейінгі жолдың ені, А—төсем материалы (А—асфальтбетон, Ц—цементбетон, Бр—брусчатка, Кл— клинкер), оймалар (5—оймалардың метрдегі тереңдігі)
	Шоссе: 5— төселген бөліктің ені) 8—метрдегі шұңқырдан шұңқырға дейінгі жолдың ені; Б— төсем материалы (Б—жұмыр тас, Г—қиыршық тас, К — жарылған тас, Шл—шлак, Ц—ұасқталған тас); ойықтар
	1) Жеңіл жолдағы құрылыс (павильондар, аспалар); 2) съездер; 3) жолдағы кіші радиусты бұрылыс (25 м-ден аз)
	Жетілдірілген топырақты жолдар (8—метрдегі жолдың ені) және қиын өтпелі жолдар бөлігі
	Құрылыстағы жолдар: 1) автострадалар 2) шосселер; 3) шоссе, 4) жетілдірілген топырақты жолдар
	1) Кіші кедергі арқылы өтетін көпірлер 2) жолдағы үлкен ауытқу аумағы (8% -дан аса), 3) автомобиль жолдарының нөмірлері










		<p>Асулар, биіктігі және жұмыс уақыты белгілері <b>Назар аудар: шартты белгілер, „а” әрпімен белгіленген ; 1963 ж-ға дейін қолданылды.</b></p>
	Топырақты жолдар және қиын өтпелі жолдар	
	Алаңдар және орманда жолдар	
	Кереуенді жолдар және теңдеп артылған жалғыз аяқты жолдар	
	Жаяу жүргінші жалғыз аяқты жолдар және жаяу жүргінші көпірі.	
	Қыстық жолдар	
	Ағашпен қапталған жолдар	
	Фашиндік жол бөліктері, гатилер және гребелдер	
	Тасты, кірпішті дуалдары және темірден жасалған жол бойындағы дуал	
	Ағаш түсіруге арналған қайықтар	
	Жасанды жалғыз аяқты карнизді жолдар —оврингтер (алымында-ең кіші ені, бөлімінде-метрдегі карниздің ұзындығы)	
	Шосседегі қапталған жолдың материал ауысу шекарасы	
		Километрлік белгілер, километрлердің көрсеткіші
		<b>Темір жол үстіндегі өткелдер:</b> К— Тасты(құрылыс материалы), в алымындағы-өтпелі жолдың метрдегі ені және ұзындығы, бөлімінде тоннадағы жүк көтеруі
		<b>Тасы жолдың үстіндегі өткелдер</b> (еск.— өткелдің үстіндегі проезд: 5—биіктігі, 9— жолдың метрдегі ені)
		Бір деңгейдегі өтпелдер
		Туннельдер (алымында—биіктігі және ені, алымында—Метрдегі ұзындығы)

		Акведуктер (суағар науа)
		Екі қабатты көпірлер: 1) темір жол астындағы шоссе; 2) темір жол үстіндегі шоссе




















## №4 қосымша

### ЖЕРГІЛІКТІ ТӨЦІРЕКТЕГІ ЖЕКЕ НЫСАНДАР







(Өндірістік, ауыл шаруашылық және мәдени нысандар)

		Зауыттар мен фабрика мұржалары
		Мұнай және газ мұнаралары
		1)Теледидар мұнарасы ( 508—мұнара биіктігі метрмен берілген); 2) Теле-радио мачталары (50- биіктігі метрмен берілген)
		Башня түріндегі капиталды құрылыстар
		Жеңіл типті башнялар
		«Террикондар» кен ішіндегі пайдасыз жыныс(25 және 15—ұзындығы, метрдегі берілген): 1) карта масштабына сай; 2) масштабынан тыс

		Трансформатрлар
		Желді қозғалтқыштар
		Ағаш кесу орындары мен су дирмендері.
 <i>изв.</i>		Ізбес пен ағаш көмірін күйдіретін пештер
 1	 2	Түтін шығатын тұрбалары бар зауыт, фабрикалар және дирмендер. 1) карта масштабына сай; 2) карта масштабынан тыс
 1	 2	Түтін шығатын тұрбалары жоқ зауыт, фабрикалар және дирмендер.
 1 <i>глин.</i>	 2 <i>пес.</i>	Ашық түрде алынатын қазбайлық орындары.
		Жұмыс істейтін шахталар мен штольнилер
		Жұмыс істемейтін шахталар мен штольнилер
 1 <i>сол.</i>	 2	Ашық түрде тұз өндіретін орындар 1) карта масштабына сай; 2) карта масштабынан тыс
 1	 2	Торф өндіретін орындар
 1 <i>эл.-ст.</i>	 2	Электростанциялар
 <i>нефт.</i>		Газ бен мұнай өндіретін скважиналар
		Жанар май және газгольдерлер қоймасы

	Бензоколонкалар мен жанар май құятын станциялар
	Радиостанциялар мен теледидар орталықтары
	Жел дирмендер
	1) Аэродромдар мен судағы аэродромдар; 2) қону алаңдары (суда және құрлықта)
	Телефон станцияларының телеграф, радиотелеграф конторы мен бөлімдері
	Метеорология станциялары
	Ескерткіштер, монументтер, зираттар; 1м биік тас бағаналары
	Оманшылар үйі
	Шіркеулер
	Католиктер шіркеуі
	Мешіттер
	Буддийстер шіркеулері, храмдары
	Мазарлар, обалар т.б.
	Зираттар
	Тал өскен зираттар 1) карта масштабына сай; 2) масштабынан тыс
	Мал зираттары
	Мал қамаулары
	Бал ара үйшігі (тек масштабы 1:25000 картада көрсетіледі)
	Байланыс сымдары (телефондар, телеграфтар, радиотрансляциялар)



	Ағаш бағанадағы электр сымдары
	Темір немесе темірбетонды бағанадағы электр сымдары (бағана биіктігі 25— метр)
	Мұнай құбырлары мен тасмалды атқаратын станциялар
	Газқұбырлары және компрессор станциялары
	Тарихи көне қабырғалар (биіктітері 5— метр)
	Тас, кірпіш және теіір шарбақтар(қоршаулар)

## №5 қосымша

## БЕДЕРЛЕР

	Көлденеңдер Горизонтальдар
	Метрлердегі көлденеңдерді қол қоюлар және құламалардың бағытының нұсқағыштары
	Құрғақ өзен арналары
	1) Командалық биіктік белгілері; 2) Биіктік белгілері
	Биіктіктердің белгілері бағдарларда
	Жыра және жыралар: 1) карталар масштабта енмен 1 мм-дан астам; 2) енімен 1 мм және кем(алымда - жиектердің арасындағы ен, бөлімде - метрлердегі тереңдік)
	1) үзіктер (21-метрлердегі биіктік); 2) сатылалған бөлімшелердегі өрістердің нығыздалған жарқабақ кертпештері)
	Обалар: 1) (5-метрлердегі биіктік) карталар көрсететін масштабтарда; 2) карталар көрсетпейтін масштабтарда
	Шұңқырлар: 1) (5-метрлердегі тереңдік) карталар көрсететін масштабтарда; 2) карталар көрсетпейтін масштабтарда
	Жартастар - (10-метрлердегі биіктік) остандықтар
	Сығылмалар (тік қабырғалы сілемдері қатты тау жыныстарынан)

		Жанар тауларды, картаның масштаб көрсетпейтін
		Балшық жанар таулар
1  3	2 	1 ) бөлек жататын тастар ( 3- метрлердегі биіктік); 2 ) тастардың жиналып қалулары
		Карст шұңқырлары
		Лава ағыны
 пещ.		Үңгірге және гротескілілерге кірулері

### Жергілікті төңіректің топографиялық негіздерінің жағдайын құрастыру.

Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процесуалдық кодексіне сәйкес , оқиға болған жергілікті жерді, бөлмелерді, заттармен құжаттардың орналасқан жерлерін қылмыстың болған ізін және іске қатысы бар айғақтық заттарды байқау мақсатта оқиға болған жер зерттеледі.(осмотр)

Оқиға болған жерді сызбаға түсіру тергеушіге қажет болса оның ережесі кодексте көрсетілген.

Оқиға болған жерді келесі жолдармен жүргізіледі :

- қаралған туралы хаттама;
- оқиға болған жерді фотосуретке түсіру;
- оқиға болған жердің жоспарымен сызбасын құрастыру.

Кейін оқиға болған жерді еске түсіріп , тергеу жұмыстарын жүргізу барысында қолайлы болуы үшін сызбаның дұрыстығы әсер етеді.

Оқиға болған жерді қағаз бетіне түсіру үшін, алдымен жергілікті жердің негіздерін сызып аламыз да , содан кейін оқиғаға байланысты айғақ заттарды саламыз.

Оқиға болған жердің топографиялық негіздерінің жағдайын құрастыру көз мөлшер арқылы жүргізіледі.

Қағазға түсіретін жердің шекараларын түсіру барысында таңдап аламыз. Есте сақтайтын бір жай, ОБЖ(оқиға болған жерді) түсіру барысында жергілікті жердегі заттардың бәрін сыза беру қрек емес. Тек оқиғаға байланысты және қылмыс болған жерді байланыстырып салатын топографиялық элементтер ғана салынады.

Сондықтан жедел іздестіру қызыметкерлері ОБЖ-ді сызбаға түсіру барысында керекті және басқа іске қатысты объектілерді таңдап алуы керек.

Қылмыстың іздері мен басқада айғақ заттар сызбаға арнайы криминалистік шартты белгілермен салынады. Кейбір бұйымдар бірнеше

нүктеден фотосуретке түсіріледі де, сызбада ол жерлер бағыттық белгілермен белгіленіп қояды.

Осымен қоса, сызба жақсы көрінетін тұрақты нысанаға «байланып» салынады. Байланыстыру графика түрінде көрсетілуі мүмкін, осымен қоса магниттік азимут, нысананың ара қашықтығы, ал ОБЖ хаттамасында бұл жерлер тура жазылулары керек, өйткені ол жер кез келген уақытта жеңіл тауып ал үшін қажет.

**Оқиға болған жердің схемасының жоспарын құрастыру:**

**-бөлмелердің жоспарын(сызбасын) дайында;**

**-ашық жерлердің жоспарын (сызбасын) дайындау.**

Оқиға болған жердің(ОБЖ) сызбасын сызу кезінде, алғашқыда топографиялық негіз немесе жергілікті жердің сызбасы сызылады, содан кейін жергілікті нышандардың орналасуына сәйкес, болған оқиға мен айғақ заттарға байланысты ерекшелік беретін әр түрлі нышандарды түсіреді . Оқиғаны сипаттайтындетальдар бірнеше нүктеден фотосуретке түсіріледі, ал бұл нүктелер мен объектінің бағыты(қосымша суретті қара) сызбада белгіленеді.

Егерде көз мөлшермен түсіру компассыз жүргізілетін болса, онда алғашқы нүкте үшін көзделген бір сызықты аламыз. Негізгі сызықты көздеп алып , планшет бағытын бұзбай, қалған нүктелерді көздейміз , ары қарай компаспен түсіру кезінде жұмыс жасағандай әрекет етеміз.

Көз мөлшермен түсіру аяқталған соң сызба аяғына дейін өңделеді. Керек емес сызықтарды жұмасақ өшіргішпен өшіреді , басына атын, төменгі сол жағына уақытын, ортасына масштабын, оң жағына орындаушының тегі мен қолы қойылады.

Осымен қоса, сызба жақсы байқалатын және тұрақты нысанаға «байланыстырылады» (сызылады).Байланыстыру графика түрінде көрсетілуі мүмкін немесе жазу түрінде көрсетіледі.

Осыған байланысты оқытушы мысал келтіріп сызба сыздыруы тиіс . Мысалы: Оқиға болған жердің негізгі бағдары – жылға арқылы өтетін көпір , ол Москва- Ярославль тас жолының 26-шы километрінде жатыр. Км-к бағанадан көпірдің МА-147, қашықтығы –80 м.

Компас болмаған жағдайда осы үлгіде көрсетілген көрсетілген оқиға болған жер (ОБЖ) көпірден 25м жерде деп «байлауға» болады. ОБЖ-дің сызбасында аумақтағы барлық тұрақты заттар мен оқиға барысында пайда болған заттар туралы мұқият мәлімет беруі керек.

ОБЖ сызбасы жақсы көрінетін және ұзақ сақталынатын бағдарларға «байланып» салынуы керек, ал ОБЖ-ге қарап шығу хаттамасында бұл жер нақты жазылуы керек.Бұл мұқияттылық кейін осы жерді кез-келген уақытта тауып алуды жеңілдетеді.

**Қолданылған әдебиеттер:**

1. Әдістемелік құралы. С.Ж.Тоқтабеков. Қазақстан Республикасының ПО әскери топографияның қолданылуы. 2015ж. //каф.
2. Оқу құралы. Ю.Г.Троценко Использование военной топографии в служебно-оперативной деятельности ОВД РК: Караганда, 2002.
3. Бубнов И.А. и др. Учебник «Военная топография». М. 1969. //ЖК
4. Иванов Н.Н. Использование топографии в служебно-оперативной деятельности органов и учреждений МВД СССР. М. 1969. //ЖК.
5. Антонов В.Д. Графические документы в деятельности органов и учреждений МВД СССР. Горький, ВШ. 1985. //ЖК
6. Справочник следователя. М. 1986. //ЖК